

Тіркеу № 123
«18» тамыз 2023ж.

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының
2023 ж. «15» тамыздағы
№60 хаттамасымен бекітілді

Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидалары

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының хаттамасымен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар:

№	Өзгерістер, толықтырулар енгізілді	Бекітілген күн	Хаттама №	Тіркеу №
1	Басқарма хаттамасы	«25» желтоқсан 2025 ж.	№71	№115
2	Басқарма хаттамасы	«18» маусым 2026 ж.	№37	№58
3	Басқарма хаттамасы	«22» шілде 2026 ж.	№ 45	№ 84
4	Басқарма хаттамасы	«__» _____ 202__ ж.	№ ____	№ ____

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 202__ ж. «__» _____ №__ хаттамасымен күші жойылды деп танылды.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидалары	12 беттен 2-беті
---	---	---------------------

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 18.06.2026 ж. №37 хаттамасымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларына Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес Қағиданың бүкіл мәтіні бойынша «АЖ» аббревиатурасы «ЦЖ» аббревиатурасына ауыстырылды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне (бұдан әрі – Кодекс), «БЖЗҚ» АҚ Зейнетақы қағидаларына сәйкес әзірленді және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлға (зейнетақы төлемдерін алушы) арасындағы құқықтық қатынастардың ерекшеліктерін белгілейді.

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 25.12.2025 ж. №71 хаттамасымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларына Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 2-тармаққа толықтырулар енгізілді.

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 18.06.2026 ж. №37 хаттамасымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларына Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 2-тармаққа өзгерістер енгізілді.

2. Осы Қағиданың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар және аббревиатуралар қолданылады:

1) ерікті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – ЕЗЖ) – ЕЗЖ салымшылары Қазақстан Республикасының заңнамасында және ЕЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта айқындалатын тәртіппен зейнетақы төлемдерін алушының пайдасына БЖЗҚ-ға өз бастамасы бойынша салатын ақша және (немесе) депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес БЖЗҚ-ға аударатын кепілдік берілген депозит бойынша кепілді өтемнің талап етілмеген сомасы;

1-1) Мемлекеттік корпорация – «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – БЖЗҚ) – зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдері жөніндегі қызметті, сондай-ақ Кодексте айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асыратын заңды тұлға;

2-1) төлемге өтініш – БЖЗҚ-ның ішкі нормативтік құжатымен бекітілген нысан бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш;

3) жеке зейнетақы шоты (бұдан әрі – ЖЗШ) - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзі үшін ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаның (зейнетақы төлемдерін алушының) ЕЗЖ, инвестициялық кіріс, өсімпұл және өзге де түсімдер есепке алынатын және зейнетақы төлемдері жүргізілетін жеке атаулы шоты;

3-1) ЦЖ - цифрлық жүйе;

4) зейнетақы төлемдерін алушы (бұдан әрі – алушы) – БЖЗҚ-дан ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдері тағайындалған жеке тұлға;

5) ҚР ЕХӘҚМ - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

6) Келісім - ақпараттық өзара іс-қимылды ұйымдастыру мақсатында жасалатын ҚР ЕХӘҚМ және БЖЗҚ цифрлық жүйелерінің өзара іс-қимылы туралы келісім.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидалары	12 беттен 3-беті
---	---	---------------------

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 25.12.2025 ж. №71 хаттамасымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларына Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 3-тармаққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

3. ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдері:

1) Кодекстің 223-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген адамдарға;

2) егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Кодекстің 223-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген адамдарға;

3) Кодекстің 207-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған, ЕЗЖ есебінен зейнетақы жинақтары бар және Кодекстің 223-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда олардың төлемі үшін БЖЗҚ-ға жүгінбеген адамдарға;

4) Кодекстің 225-бабының 1-тармағында көрсетілген адамдарға төленеді.

Зейнетақы төлемдері ЕЗЖ аударылған жеке тұлғаның ЖЗШ-да бар сомалар шегінде жүзеге асырылады және ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін немесе Қағиданың 14-1-тармағында көзделген шарттар басталғанға дейін жүзеге асырылады.

4. Зейнетақы жинақтарын айырбастау және алушылардың шетелдік банктерде ашылған банктік шоттарына есепке жазу бойынша көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, оларды аударуға, есепке жазуға және төлеуге байланысты банктік көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу БЖЗҚ-ның меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

5. Егер БЖЗҚ-ға ұсынылған құжаттарды шетелдік ұйымдар мен мекемелер берген жағдайда, сондай-ақ құжат көшірмесінің түпнұсқамен дұрыстығын, алушының төлемге өтініштегі қолының түпнұсқалығын куәландыру, сенімхатты куәландыру бөлігіндегі нотариаттық іс-әрекеттер шет мемлекетте жүргізілсе, онда көрсетілген құжаттар, сондай-ақ куәландыру жазбалары және олардың мемлекеттік немесе орыс тіліне аудармасы «Құжаттарды заңдастыру» мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібін реттейтін Құжаттарды заңдастыру қағидаларына немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған өзге де халықаралық шарттарға сәйкес заңдастырылуы тиіс.

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 25.12.2025 ж. №71 хаттамасымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларына Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 1-1-тараумен толықтырылды.

1-1-тарау. ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерінің мөлшері мен кезеңділігі

5-1. ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерінің мөлшері:

1) толық көлемде немесе белгіленген сомада – Кодекстің 223-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген адамдармен дербес белгіленеді;

2) бір рет толық көлемде – егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Кодекстің 223-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген адамдарға белгіленеді;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы №521 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру, оларды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қайтару қағидаларына сәйкес, Кодекстің 220-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген адамдарға ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшерін есептеу тәртібіне ұқсас тәртіппен есептеледі;

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидалары	12 беттен 4-беті
---	---	---------------------

4) белгіленген сомада - Кодекстің 225-бабының 1-тармағында көрсетілген адамдармен зейнетақы аннуитеті шартының негізінде белгіленеді.

5-2. ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерінің кезеңділігі:

1) ай сайын немесе жыл сайын немесе бір рет - Кодекстің 223 – бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген адамдарға;

2) бір рет - егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Кодекстің 223-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген адамдарға;

3) бір рет (егер ЕЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын ең төмен зейнетақының он екі еселенген мөлшерінен аспаса) не ай сайын Мемлекеттік корпорацияның зейнетақы төлемдері кестесіне сәйкес - Кодекстің 207-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған, ЕЗЖ есебінен зейнетақы жинақтары бар және Кодекстің 223-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда олардың төлемі үшін БЖЗҚ-ға жүгінбеген адамдарға;

4) бір рет - Кодекстің 225-бабының 1-тармағында көрсетілген адамдарға, зейнетақы аннуитеті шартының және өзі үшін ЕЗЖ аударылған жеке тұлғаның ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын пайдалануға келісімі негізінде зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аудару жолымен белгіленеді.

5-3. ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерінің мөлшеріне және (немесе) кезеңділігіне өзгеріс енгізу тәртібі Қағиданың 14-2-тармағында көзделген.

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 18.06.2026 ж. №37 хаттамасымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларына Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 5-4-тармақпен толықтырылды.

5-4. Егер кесте бойынша кезекті төлем күніне Кодекстің 223-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген алушылардың ЕЗЖ есепке алу үшін ЖЗШ-дағы зейнетақы жинақтарының қалдығы өтініште берілген, белгіленген сомадан аз болса, онда ЖЗШ-да нақты бар қаражат қалдығы төленуі тиіс.

2-тарау. БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібі

1-параграф. Елу жасқа толған және мүгедектік белгіленген жағдайда

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 25.12.2025 ж. №71 хаттамасымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларына Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 6-тармаққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 18.06.2026 ж. №37 хаттамасымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларына Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 6-тармаққа өзгерістер енгізілді.

6. БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу мақсатында өзі үшін ЕЗЖ аударылған жеке тұлға (бұдан әрі – Өтініш беруші) Кодекстің 223-бабының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайлар басталған кезде БЖЗҚ-ға жеке өзі жүгінген кезде:

1) төлемге өтінішті;

2) Өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжатты (сәйкестендіру үшін);

3) Өтініш берушінің банктік шоты туралы мәліметтерді ұсынады;

4) **алынып тасталды.**

Өтініш беруші БЖЗҚ-ның интернет-ресурсы арқылы жүгінген кезде төлемге өтініш оның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылады.

Өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат деректемелерінің өзектілігін растайтын мәліметтер (құжаттың түрі, сериясы, нөмірі, берілген күні және органы, қолданылу мерзімі), оның ішінде осы құжаттың жарамдылығы туралы, **өмірлік мәртебесі, әрекетке**

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидалары	12 беттен 5-беті
---	---	---------------------

қабілеттілігі туралы мәліметтер Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат түрінде веб-сервис арқылы мемлекеттік органдардың **цифрлық** жүйелерінен (бұдан әрі – МО **ЦЖ**) ұсынылады.

Бұл ретте Өтініш берушінің БЖЗҚ-ның интернет-ресурсы арқылы жүгіну тәртібі БЖЗҚ-ның ішкі нормативтік құжатымен регламенттелген.

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 25.12.2025 ж. №71 хаттамасымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларына Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 7-тармаққа өзгерістер енгізілді.

7. Егер Өтініш беруші Кодекстің 223-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген адамдар болса, БЖЗҚ **ҚР ЕХӘҚМ-ның «МОДҚ» ЦЖ-дан** Өтініш берушіге мүгедектіктің белгіленгені туралы мәліметтерді сұратады.

«МОДҚ» **ЦЖ-да** Өтініш берушінің белгіленген мүгедектігі бар екені туралы мәліметтер болмаған жағдайда БЖЗҚ Өтініш беруші өтініш берген күні БЖЗҚ-ның ішкі құжатында бекітілген нысан бойынша бас тарту себебін көрсете отырып, құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат тапсырып, өтінішті қабылдаудан бас тартады.

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 25.12.2025 ж. №71 хаттамасымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларына Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 1-1-параграфпен толықтырылды.

1-1-параграф. Кодекстің 207-бабы 1-тармағына сәйкес ЕЗЖ есебінен зейнетақы жинақтары бар және Кодекстің 223-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда олардың төлемі үшін БЖЗҚ-ға жүгінбеген адамдар зейнеткерлік жасқа толған жағдайларда

7-1. БЖЗҚ Қағиданың 3-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген адамдарға ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемін Қағиданың 7-2, 7-3 және 7-4-тармақтарында белгіленген тәртіппен өтінішсіз тағайындайды.

7-2. БЖЗҚ Келісім шеңберінде Кодекстің 207-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған алушылардың Мемлекеттік корпорацияда тіркелген өтініштері туралы мәліметтерді алған кезде, оларда ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары бар болса және БЖЗҚ-да МЗЖ және (немесе) МКЗЖ (бар болса) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының зейнетақы төлемдерімен қатар, ЕЗЖ есебінен төлемге қолданыстағы өтініштері болмаса, Қағиданың 5-1-тармағының 3) тармақшасына сай есептелген, ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін Мемлекеттік корпорация белгілеген зейнетақы төлемдерінің кестесіне қосады.

7-3. БЖЗҚ жыл сайын Мемлекеттік корпорациямен есепті жылдан кейінгі жылдың 1 наурызына дейін Қағиданың 3-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген адамдар бойынша **ҚР ЕХӘҚМ ЦЖ-да** осы адамдардың бюджет қаражаты есебінен жасына немесе еңбек сіңірген жылдарына байланысты зейнетақы төлемдерінің және (немесе) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерінің бар-жоғына салыстырып тексеру жүргізеді.

7-4. Мемлекеттік корпорациямен салыстыру және Мемлекеттік корпорациядан Келісімде айқындалған форматта электрондық хабарламалар алу нәтижелері бойынша:

1) БЖЗҚ **ЦЖ-да** Қағиданың 3-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген әрбір адам бойынша ЕЗЖ есепке алу үшін ЖЗШ-ға төлеуге электрондық өтініш автоматты түрде қалыптастырылады, ол бойынша **ҚР ЕХӘҚМ ЦЖ-да** электрондық өтінім тіркелген;

2) БЖЗҚ Мемлекеттік корпорация белгілеген зейнетақы төлемдері кестесіне сай, Қағиданың 5-1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес есептелген, алушылардың зейнетақы төлемдерінің сомаларын Мемлекеттік корпорацияға аударады.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидалары	12 беттен 6-беті
---	---	---------------------

Мемлекеттік корпорация БЖЗҚ-дан алынған зейнетақы төлемдерінің сомаларын Мемлекеттік корпорация белгілеген зейнетақы төлемдерінің кестесіне сәйкес алушылардың банктік шоттарына аударады.

7-5. Зейнетақы төлемдерін алушылардың дербес деректерін жинау және өңдеу жасына немесе еңбек сіңірген жылдарына байланысты зейнетақы төлемдерін және (немесе) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау кезінде ұсынылған келісімдер негізінде жүзеге асырылады.

2-параграф. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен жағдайда

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 25.12.2025 ж. №71 хаттамасымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларына Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 8-тармаққа өзгерістер енгізілді.

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 22.07.2026 ж. № 45 хаттамасымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларына Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 8-тармаққа өзгерістер енгізілді.

8. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, зейнетақы жинақтары бар, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен **шетелдік азаматтар** мен азаматтығы жоқ адамдар (бұдан әрі – Өтініш беруші) БЖЗҚ-ға жеке өтініш жасаған кезде мыналарды ұсынады:

1) төлемге өтініш;

2) Өтініш берушінің шетелдік төлқұжатының түпнұсқасы (сәйкестендіру үшін). Бұл ретте азаматтығы жоқ адам азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын, шет мемлекет берген және азаматтығы жоқ адамның құқықтық мәртебесін растайтын құжатты ұсынады;

3) Өтініш берушінің банктік шоты туралы мәліметтер.

Жоғарыда көрсетілген құжаттарды алған кезде БЖЗҚ жүгінген Өтініш берушіде Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттардың не шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатының не Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген азаматтығы жоқ адамның куәлігінің бар-жоғы және оның жарамдылығы туралы МО **ЦЖ-дан** мәліметтерді сұратады.

Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттардың не шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатының не Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кетуіне не **шетелдік азаматқа** немесе азаматтығы жоқ адамға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсаттың күші жойылуына не Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылуына, Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуына байланысты өтініш жасаған Өтініш берушінің Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген азаматтығы жоқ адамның куәлігінің **болмауы немесе** жарамсыздығы туралы мәліметтер алынған жағдайда БЖЗҚ зейнетақы төлемін Қағиданың 22-тармағында белгіленген мерзімде жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттардың не шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты не Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген азаматтығы жоқ адамның куәлігінің бар-жоғы және жарамдылығы туралы мәліметтерді алған жағдайларда БЖЗҚ өтініш жасалған күні БЖЗҚ-ның ішкі құжатында айқындалған нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат тапсыра отырып, төлемге өтінішті қабылдаудан бас тартады не бас тарту себебін көрсете отырып, құжаттарды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде хабарлама жіберу арқылы төлемге өтінішті орындаудан бас тартады.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидалары	12 беттен 7-беті
---	---	---------------------

3-параграф. Зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда

9. БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда оның отбасы мүшелеріне БЖЗҚ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 94 еселенген мөлшерінде, бірақ қайтыс болған адамның ЖЗШ-да бар қаражатынан аспайтын шекте қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтарының қаражаты есебінен жерлеуге арналған біржолғы төлем жүргізеді.

Егер қайтыс болған адамның ЖЗШ-дағы зейнетақы жинақтарының қалдығы жерлеуге арналған біржолғы төлем жүзеге асырылғаннан кейін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен аспайтын соманы құраған жағдайда, бұл қалдық қайтыс болған адамның отбасы мүшелеріне жерлеуге арналған төлем ретінде төленеді.

Жерлеуге арналған біржолғы төлем қайтыс болған адамның міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және (немесе) ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының жиынтық сомасы шегінде Қағиданың осы тармағының бірінші абзацында көрсетілген көлемде жүзеге асырылады.

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 25.12.2025 ж. №71 хаттамасымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларына Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 10-тармаққа өзгерістер енгізілді.

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 22.07.2026 ж. № 45 хаттамасымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларына Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 10-тармаққа өзгерістер енгізілді.

10. ЕЗЖ есебінен БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар, қайтыс болған адамның отбасы мүшесі жерлеуге арналған біржолғы төлемді алуы үшін БЖЗҚ-ға жеке өтініш бергенде мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) төлемге өтініш;
- 2) **алынып тасталды;**
- 3) БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар, қайтыс болған адамның отбасы мүшесінің жеке басын куәландыратын құжаты (сәйкестендіру үшін);
- 4) МО **ЦЖ-да** БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адамның қайтыс болғаны туралы мәлімет болмаған жағдайда, оның қайтыс болғаны туралы куәліктің түпнұсқасы немесе зейнетақы жинақтары бар, қайтыс болған адамның қайтыс болғаны туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесі ұсынылады;
- 5) МО **ЦЖ-да** жүгінген адамның қайтыс болған адаммен туыстық байланысын растайтын мәліметтер болмаған жағдайда, жүгінген адамның қайтыс болған адаммен туыстық байланысын растайтын құжаттың түпнұсқасы **ұсынылады;**
- 6) БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар, қайтыс болған адамның отбасы мүшесінің банктік шоты туралы мәліметтер.

Зейнетақы жинақтары бар, қайтыс болған адамның отбасы мүшесінің ЭЦҚ-мен куәландырылған төлемге өтініші МО **ЦЖ-да** Қағиданың осы тармағының 4) және 5) тармақшаларында көзделген құжаттар туралы мәліметтер болған жағдайда БЖЗҚ-ның интернет-ресурсы арқылы ұсынылады.

11. БЖЗҚ-да ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 25.12.2025 ж. №71 хаттамасымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларына Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 12-тармаққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидалары	12 беттен 8-беті
---	---	---------------------

12. БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар, қайтыс болған адамның ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын алу үшін оның мұрагері (мұрагерлері) мынадай құжаттар ұсынады:

- 1) төлемге өтініш;
- 2) мұрагердің жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

3) МО **ЦЖ-да** БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адамның қайтыс болғаны туралы мәлімет болмаған жағдайда, оның қайтыс болғаны туралы куәліктің түпнұсқасы немесе зейнетақы жинақтары бар, қайтыс болған адамның қайтыс болғаны туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесі ұсынылады;

4) мұраға құқық туралы куәліктің түпнұсқасы немесе нотариат куәландырған көшірмесі не мұрагерлік мүлікті бөлу туралы келісімнің түпнұсқасы немесе нотариат куәландырған көшірмесі не заңды күшіне енген сот шешімі;

- 5) мұрагердің банктік шоты туралы мәліметтер.

14 жастан 18 жасқа дейінгі жастағы кәмелетке толмаған мұрагер өтініш жасаған кезде қосымша мыналарды ұсынады:

1) кәмелетке толмаған мұрагердің туу туралы куәлігінің көшірмесі және салыстыру үшін түпнұсқасы;

- 2) **алынып тасталды;**

3) кәмелетке толмаған мұрагердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (мұрагердің жасы 16-дан 18 жасқа дейінгі жағдайда) және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы не нотариат куәландырған көшірмесі;

4) заңды өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы;

4-1) қамқоршылық тағайындалғанын растайтын құжат: қамқоршыны тағайындау туралы анықтаманың немесе баланы патронатқа тәрбиелеуге беру туралы шарттың немесе жергілікті атқарушы органның қамқоршылық тағайындалғанын растайтын актісінің немесе өзге де құжаттың көшірмесі және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы;

4-2) кәмелетке толмаған адамды асырап алған және мұраға құқық туралы куәлікте бұрын берілген туу туралы куәлікке сай кәмелетке толмаған адамның ТАӨ, туған күні көрсетілген жағдайда - заңды күшіне енген асырап алу туралы куәліктің/асырап алу туралы сот шешімінің/кәмелетке толмаған адамның деректемелерінің өзгеру фактісін растайтын өзге де құжаттың көшірмесі және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы;

5) БЖЗҚ-да мұраға қалдырылған зейнетақы жинақтарын алу үшін 14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған мұрагерге төлемге өтініш беру үшін заңды өкілдің жазбаша келісімі.

13. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 1083-бабына сәйкес иесіз мүлік деп танылған, ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарына сот актісі бойынша жүтінген адамдар БЖЗҚ-ға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) заңды күшіне енген сот актісі;
- 2) банктік шоты туралы мәліметтер.

4-параграф. БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдерінің тәртібіне қатысты жалпы ережелер

14. БЖЗҚ-ға шоттардың әр түрлі түрлерінен төлемдерге өтініштер берілген жағдайда құжаттардың бірыңғай топтамасы ұсынылады.

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 25.12.2025 ж. №71 хаттамасымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларына Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 14-1 және 14-2-тармақтармен толықтырылды.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидалары	12 беттен 9-беті
---	---	---------------------

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 18.06.2026 ж. №37 хаттамасымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларына Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 14-1-тармаққа өзгеріс пен толықтыру енгізілді.

14-1. Өтініш берушілер, сондай-ақ өтінішсіз тәртіппен БЖЗҚ ЦЖ-да төлемге арналған электрондық өтініштер қалыптастырылған және ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерінің кестесі белгіленген, Кодекстің 207-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған адамдар БЖЗҚ-ға:

- 1) БЖЗҚ-ның ішкі нормативтік құжатымен бекітілген нысан бойынша өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін) ұсына отырып, ЕЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарын төлеуді тоқтатуға құқылы.

БЖЗҚ-ның интернет-ресурсы арқылы жүгінген кезде (техникалық іске асырылғаннан кейін) өтініш Өтініш берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылады.

Өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат деректемелерінің өзектілігін растайтын мәліметтер (құжаттың түрі, сериясы, нөмірі, берілген күні мен органы, қолданылу мерзімі), оның ішінде осы құжаттың жарамдылығы, өмірлік мәртебесі, әрекетке қабілеттілігі туралы мәліметтер МО ЦЖ-дан Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында веб-сервис арқылы ұсынылады.

Өтініш берушілер, сондай-ақ өтінішсіз тәртіппен БЖЗҚ ЦЖ-да төлемге арналған электрондық өтініштер қалыптастырылған және ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерінің кестесі белгіленген, Кодекстің 207-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған адамдар орындалмаған, төлемге арналған өтініштің күшін жоюға құқылы.

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 18.06.2026 ж. №37 хаттамасымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларына Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 14-2-тармаққа өзгеріс енгізілді.

14-2. Кесте бойынша ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерінің мөлшеріне және (немесе) кезеңділігіне және (немесе) банктік деректемелерге өзгерістер енгізу үшін Өтініш беруші:

- 1) БЖЗҚ-ның ішкі нормативтік құжатымен бекітілген нысан бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініштің деректемелерін өзгерту туралы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);
- 3) банктік шоты туралы мәліметтер (қажет болған жағдайда оның өзгертілгенін) беруі керек.

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 25.12.2025 ж. №71 хаттамасымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларына Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 15-тармаққа өзгерістер енгізілді.

15. Төлемге өтініш (жерлеуге арналған біржолғы төлемді қоспағанда) пошта байланысы құралдары арқылы берілген кезде Қағиданың 6, 8, 12, 14-1 және 14-2-тармақтарында көрсетілген жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмесін, төлемге өтініштегі олардың қолын нотариатта куәландырады (нотариатта куәландыру тұрғылықты мемлекетте жүргізілетін жағдайда).

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 25.12.2025 ж. №71 хаттамасымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларына Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 16-тармаққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

16. Төлемге өтініш үшінші тұлға арқылы берілген жағдайда үшінші тұлға (сенім білдірілген адам, заңды өкіл) Қағиданың 6, 8, 12, 14-1 және 14-2-тармақтарында көрсетілген құжаттарға қосымша келесі құжаттарды ұсынады (14 жастан 18 жасқа дейінгі Қазақстан Республикасының резиденттері-кәмелетке толмаған мұрагерлерді қоспағанда):

- 1) үшінші тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін).

Бұл ретте Өтініш берушінің, мұрагердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін нотариат куәландырады (нотариатта куәландыру тұрғылықты мемлекетте жүргізілетін жағдайда);

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидалары	12 беттен 10-беті
---	---	----------------------

2) заңды өкіл өтініш жасаған жағдайда заңды өкілдің мәртебесін растайтын құжат;
3) сенімхаттың нотариат куәландырған түпнұсқасы немесе оның нотариат куәландырған көшірмесі;

4) алынып тасталды;

5) заңды өкілдің мәртебесін немесе кәмелетке толмаған тұлғаға қорғаншылық тағайындалғанын растайтын құжат (туу туралы куәлік немесе қорғаншыны не қамқоршыны тағайындау туралы анықтама немесе баланы патронатқа тәрбиелеуге беру туралы шарт) немесе жергілікті атқарушы органның қорғаншылық немесе қамқоршылық тағайындалғанын растайтын актісі және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы;

6) әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншылықтың немесе әрекетке қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамға қамқоршылықтың тағайындалғанын растайтын құжат (қорғаншының (қамқоршының) куәлігі немесе қорғаншыны (қамқоршыны) тағайындау туралы анықтама немесе қорғаншының/қамқоршының мәртебесін растайтын өзге де құжат.

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 22.07.2026 ж. № 45 хаттамасымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларына Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 17-тармаққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

17. Сенім білдірілген адамның БЖЗҚ-ға төлемге өтініш беруі тек жеке өзі БЖЗҚ бөлімшесіне өтініш жасаған кезде ғана жүзеге асырылады.

18. Осы Қағидада көрсетілген құжаттарды МО ЦЖ-дан, оның ішінде цифрлық құжаттардың сервисінен алуға мүмкіндік болса, оларды ұсыну талап етілмейді.

19. МО ЦЖ-дан қабылданған құжаттар мен мәліметтер негізінде БЖЗҚ істің электрондық макетін қалыптастырады және оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысында белгіленген тәртіп пен мерзімдерде сақтайды.

Бұл ретте алушылардың банктік шоты туралы мәліметтер, сондай-ақ МО ЦЖ-дан алынған мәліметтер электрондық түрде сақталуы мүмкін.

20. БЖЗҚ-ға құжаттар топтамасын пошта байланысы құралдары арқылы берген адамды қоспағанда, БЖЗҚ-ға ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының төлемі үшін жүгінген адамдарға БЖЗҚ-ның ішкі нормативтік құжатымен бекітілген нысан бойынша құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат тапсырылады.

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 25.12.2025 ж. №71 хаттамасымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларына Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 20-1-тармақпен толықтырылды.

20-1. Өтініш беруші, мұрагер, зейнетақы жинақтары бар, қайтыс болған адамның отбасы мүшесі не үшінші тұлға Қағиданың немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін құжаттар топтамасын ұсынған жағдайда, БЖЗҚ өтініш жасалған күні БЖЗҚ-ның ішкі құжатында айқындалған нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат тапсыра отырып, төлемге өтінішті қабылдаудан бас тартады не бас тарту себебін көрсете отырып, Қағиданың 22 және 23-тармақтарында белгіленген мерзімдерде хабарлама жіберу арқылы төлемге өтінішті орындаудан бас тартады.

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 22.07.2026 ж. № 45 хаттамасымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларына Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 20-2-тармақпен толықтырылды.

20-2. БЖЗҚ төлемге қабылданған немесе келіп түскен өтінішті орындаудан бас тарту туралы алдын ала шешім қабылдаған жағдайда, БЖЗҚ өтініш берген тұлғаға Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің талаптарына сәйкес тыңдау жүргізу арқылы БЖЗҚ-ның әкімшілік іс бойынша алдын ала шешіміне өз ұстанымын білдіруге мүмкіндік береді.

21. БЖЗҚ зейнетақы төлемдерін, жерлеуге арналған біржолғы төлемді деректемелері төлемге өтініште көрсетілетін, Қағиданың 6, 8, 10 және 12-тармақтарында көрсетілген адамдардың, сондай-ақ 13-тармақта көрсетілген адамдардың банктік шотына аударады.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидалары	12 беттен 11-беті
---	---	----------------------

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 25.12.2025 ж. №71 хаттамасымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларына Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 22-тармаққа өзгерістер енгізілді.

22. БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдері Қағиданың 6, 8, 12 және 13-тармақтарында көрсетілген адамдарға Қағидада көзделген құжаттар БЖЗҚ-ға қабылданған не түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

23. БЖЗҚ-дан жерлеуге арналған біржолғы төлем БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар, қайтыс болған адамның отбасы мүшесіне Қағидада көзделген құжаттар қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

24. Зейнетақы жинақтарын айырбастау және алушылардың шетелдік банктерде ашылған банктік шоттарына есепке жазу бойынша көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, оларды аударуға, есепке жазуға және төлеуге байланысты банктік көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу БЖЗҚ-ның меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

3-тарау. Қорытынды ережелер

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 22.07.2026 ж. № 45 хаттамасымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларына Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 25-тармаққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

25. Қағида БЖЗҚ-ның интернет-ресурсында және БЖЗҚ филиалдарында көзбен шолуға оңтайлы жерге орналастырылады. **Қағидаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда олардың жаңартылған редакциясы орналастырылады.**

26. Қағиданы, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды БЖЗҚ Басқармасы бекітеді.

27. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасының, Жарғының, Кодекстің өзгеруі нәтижесінде Қағиданың жекелеген нормалары олармен қарама қайшы келетін болса, Қағиданың осы нормалары күшін жояды және Қағидаға тиісті өзгерістер енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны, Кодексті басшылыққа алу қажет.

Басқарма Төрағасының м.а.

С. Егеубаева

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидалары	12 беттен 12-беті
--	---	----------------------

**Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін
жүзеге асыру қағидаларын
келісу парағы**

Лауазым атауы	Атының инициалы, тегі	Қолы	Ескертпе
Басқарма Төрағасының орынбасары	А. Мадиева		
Басқарушы директор	Ж. Тулегенова		
Заң департаменті директорының м.а.	А. Бимен		
Өңірлік даму департаментінің директоры	М. Мусабекова		
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс басқармасы бастығының м.а.	Б. Сарсенов		

Осы парақ арқылы қағаз тасымалдағыштағы туынды құжаттың электрондық нұсқада келісілген құжатқа сәйкес келетіндігін растаймыз.

Өзірлеуші:

Төлемдерді ұйымдастыру және

хабарландыру департаментінің директоры _____

(қолы)

Н. Рахимова